



Kazakhstan Chamber of Arbitration

050008, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Тимирязев к., 15 «Б», офис 3, тел: +7 (727) 313-10-61, e-mail: info@palata.org
050008, Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Тимирязева 15 «Б», офис 3, тел: +7 (727) 313-10-61, e-mail: info@palata.org
050008, Republic of Kazakhstan, Almaty, 15 B Timiryazev st., office 3, tel: +7 (727) 313-10-61, e-mail: info@palata.org

№ 57 am 25.10.2021.

Сламбеков К. мырзаға

Қазақстанның Төрелік палатасы (бұдан әрі - ҚТП) 2021 жылғы 21 қазандағы сіздің өтінішіңізді қарастыра отырып, келесіні хабарлайды.

Tendeu арбитраждық соты («Международное Арбитражное агентство «TENDEU» ЖШС) ҚТП мүшесі емес, сондықтан бізде оның байланыс деректері жоқ.

Сіз бұл арбитраждың орналасқан жерін Egov порталы арқылы анықтай аласыз және заңды мекен-жайға жүгіну арқылы талап арыз бере аласыз.

Егер осы төрелік жұмыс істемейтіні белгілі болса, сіз өзіңіздің контрагентіңізге төрелік ескертпені өзгерту немесе алып тастау ұсынысымен жүгіне аласыз. Егер келісімге келмесеніз, сізге мемлекеттік сотқа шағымдануға тура келеді.

Бұл ретте ҚР АЖК-нің 25-бабының 2-тармағын ескере отырып, бірі - сотқа, ал басқалары - соттан тыс ведомстволық органдарда қаралуға тиіс, өзара байланысты бірнеше талаптар біріктірілген кезде, барлық талаптар сотта қаралуға тиіс.

ҚР АЖК-нің 152-бабының 1-тармағының 7-тармақшасына сәйкес, егер заңда өзгеше көзделмесе, осы дауды төреліктің шешуіне беру туралы тараптар арасында заңға сәйкес келісім жасалса, судья талап қою арызын қайтарады.

ҚР «Төрелік туралы» Заңының 10-бабында өзгеше көрсетілген, оған сәйкес төрелік талқылау нысанасы бойынша талап берілген сот, егер төрелік келісімді жарамсыз, күшін жойған немесе орындалуы мүмкін болмайтын деп тапса, тараптарды төрелікке жіберуге тиіс, егер тараптардың кез келгені бұл туралы даудың мәні бойынша өзінің алғашқы өтінішін ұсынудан кешіктірмей өтінсе. Төрелік келісім жарамсыз болғандықтан, сот талап арызды қайтаруға құқылы емес.

Егер сіздің контрагентіңіз ҚР резиденті болмаса, онда Сыртқы сауда төрелігі туралы Еуропалық конвенцияның 4-бабы 3-т. басшылыққа алу қажет: яғни дауды қарауы мүмкін төрелікті айқындау құқығы берілген арнайы Комитетке жүгіну. Қазіргі уақытта ҚР атынан осындай комитеттің өкілеттігін «Атамекен» Арбитраж орталығы атқарады.

Құрметпен,

**Қазақстанның Төрелік палатасының
Басқарма төрағасы,
ҚР ҰҒА академигі,
заң ғылымдарының докторы,
профессор**



Сулейменов М. К.